


“БЕКІТЕМІН”



Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің президенті,
профессор У.С.Абдибеков
2014 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-039-2014

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Ғылым және инновация департаментімен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлегендер – Ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-президент м.а., профессор С.Қ.Тұртабаев
– Ғылым бөлімінің бастығы А.Ю.Балтабаева
– Ғылым бөлімінің бас маманы С.Б.Ерназарова
3. Келісілді – I вице-президент Муса Йылдыз
– Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент Б.Б.Ахметов
– Даму және инвестиция жөніндегі вице-президент Невзат Шимшек
– Аккредитация, рейтинг және сапа департаментінің директоры Е.Ш.Шахабаев
– Құқықтық және экономикалық қадағалау департаментінің директоры А.А.Абсеметов
– Әкімшілік басқару департаментінің директоры Ғ.Б. Ерназаров
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2014 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2016 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан

| | | | | | | | |
|---|------------------------------------|---|------------------------------------|---|------------------------------------|---|------------------------------------|
| Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "29" 01 2014 ж. | КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "29" 01 2014 ж. | Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "10" 01 2014 ж. | КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "10" 01 2014 ж. | Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "12" 12 2014 ж. | КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "12" 12 2014 ж. | Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "01" 02 2016 ж. | КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "01" 02 2016 ж. |
|---|------------------------------------|---|------------------------------------|---|------------------------------------|---|------------------------------------|

28 08 01 14

| | | |
|---|---------------------|-------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | <i>УЕ-ХҚТУ-039-2014</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ережесі | | 8 беттің 2 –ші беті |

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|---|
| 1. Қолданылу саласы | 3 |
| 2. Нормативті сілтемелер | 3 |
| 3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар | 3 |
| 4. Жауапкершілік және өкілеттілік | 3 |
| 5. Жалпы ережелер | 3 |
| 6. СҒЗЖ негізгі мақсаттары мен міндеттері | 4 |
| 7. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының формасы | 5 |
| 8. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру | 5 |
| 9. Өзгерістерді енгізу тәртібі | 7 |
| 10. Келісу, сақтау және тарату | 7 |
| Қосымшалар | |
| А. Танысу парағы | 8 |
| Б. Өзгерістерді енгізу тәртібі | 8 |

| | | |
|---|----------------------------|---------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-039-2014 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ережесі | | 8 беттің 3 –ші беті |

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (әрі қарай университет) Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының (әрі қарай СҒЗЖ) рәсімдеу талаптары мен марапаттау негіздерін анықтайды.

1.2. Университеттің студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүзеге асыруда негізгі құрал болып табылады.

1.3. Осы Ереже университет Президентінің бұйрығымен бекітілген қызметтегі өкілдері және ОПҚ қолданады, Университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне ендіріледі.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпанындағы «Ғылым туралы» Заңын;
- 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағын;
- «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының» (ғылыми-зерттеу бағыты) (07.12.2010ж.);

- Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы байқауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ережесін (15.11.2012, 03-4/436);

- Өкілетті Кеңес мәжілісі 02.06.2012ж. № 42 ШЕШІМ №17.2.1 Жұмыс тәртібі мен негіздері регламенті;

- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережедегі пайдаланған терминдер және анықтамалар тізбесі:

ҒЗЖ – ғылыми зерттеу жұмыстары;

СҒЗЖ – студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстары;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ЖОО – Жоғары оқу орындары,

ОӘК-Оқу әдістемелік кеңес,

СМЖ-Сапа менеджмент жүйесі.

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1. Осы ережесі университет Президентінің тарапынан бекітіледі.

4.2. Студенттердің жұмыстарын бақылау мен қадағалау ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президентінің жетекшілігінде болып, Ғылым бөлімімен бақыланады

4.3. Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент жауапты болып табылады.

5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттердің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық саясатын жүзеге асыру және қалыптастыру аясындағы бағыт беріп, мақсаттарына қол жеткізуге ықпал жасау болып табылады.

5.2 Ғылыми және инновациялық департаменті Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстармен айналысуына көзқарастары мен қызығушылықтарын қолдайтын ғылыми іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырушы болып табылады.

| | | |
|---|---------------------|---------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | УЕ-ХҚТУ-039-2014 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ережесі | | 8 беттің 4 –ші беті |

5.3 Жыл сайынғы Қазақстан Республикасының ЖОО арасында болатын СҒЗЖ-ның Республикалық байқауы жоғары оқу орындарының базасында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен жыл сайын жүргізіледі.

6 СҒЗЖ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаттары:

6.1.1 Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің көп деңгейлі жүйесін қалыптастыру.

6.1.2 Инновациялық дамыған қоғам үшін креативті ойлай білетін және тез өзгеретін сыртқы орта жағдайында негізделген және тұжырымды шешімді қабылдай білетін жоғары білікті маман дайындау.

6.1.3. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің ғылыми құндылықтарын сақтау және көбейту.

6.1.4. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын (СҒЗЖ) оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттердің шығармашылық өзара қарым-қатынасы арқылы дамыту.

6.1.5. Студенттердің ғылыми зерттеулері арқылы білім беру процесінің сапасын жоғарылату, білім беру, ғылым және тәжірибелік процесстердің бірыңғайлығын қамтамасыз ету.

6.1.6. Зерттеудің ғылыми әдістерін меңгеру жолымен кәсіби шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру.

6.1.7. Әрбір студенттің шығармашылық дамуға деген өз құқығын жүзеге асыруға, ғылыми зерттеулерге және ғылыми-техникалық жобаларға қатысуға мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін - әрқайсысының қажеттіліктеріне, мақсаттарына және мүмкіндіктеріне сәйкес толық бағалы, тең және жетімді жағдайды жасау және дамыту.

6.1.8. Кәсіби білімдері мен тәжірибелік дағдыларын, этикалық талаптар туралы хабардар болуын және ғылыми зерттеулердің этикалық сараптамасының студенттер үшін маңыздылығын жетілдіру.

6.1.9. Студенттер үшін ғылыми зерттеулердің кәсіби білімдері мен тәжірибелік дағдыларын жетілдіру.

6.1.10. Студенттерді заманауи зерттеу жұмыстарының принциптері мен әдістеріне, оның ішінде зерттеуді дайындау және жүргізуге, ғылыми жұмыстарды жазуға және жариялауға дайындауға үйрету.

6.1.11. Зерттеу нәтижелерін презентациялау және ғылыми пікірталастың ұтымды әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.

6.1.12. Ғылымның соңғы жетістіктерімен, жарияланымдармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

6.1.13. Ақпаратты іздеу және негізгі ғылыми құжатты құрастыру дағдыларын дамыту.

6.2. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу келесі міндеттерді шешу жолымен жүзеге асырылады:

6.2.1 Студентке ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу формасын таңдау құқығын беру және анықтау.

6.2.2 Кафедраның ғылыми-білім беру бағытымен студенттің қызығушылығының тығыз байланысын орнату.

6.2.3 Ғылымның соңғы жетістіктерінің ақпараттарын іздеу, ғылыми зерттеуді жоспарлау, ғылыми мақаламен жұмыс істеу, ғылыми ұсыныстарды (жобаларды) дайындау және рәсімдеу, мәліметтерді статистикалық өңдеудің негізгі әдістерін қолдану, негізгі ғылыми құжаттарды құрастыру дағдыларына үйрету.

2.2.4 Библиографиялық жұмыс дағдыларын, ғылыми әдебиетпен, электронды базалармен және басқа да ақпарат көздерімен өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

2.2.5 Этикалық норма дағдыларын дамыту, зерттеудің ғылыми толықтығына және оның шынайылығына, мазмұнды және тәжірибелік пайдалылығына жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

| | | |
|---|----------------------------|---------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-039-2014 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ережесі | | 8 беттің 5 –ші беті |

7 СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ФОРМАСЫ

7.1 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі формаларына факультеттік, кафедралық және кафедрааралық студенттердің ғылыми қоғамында, үйірмелерінде жүргізілетін студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы жатады. Негізгі міндеті – білім беру бағдарламасынан тысқары жоғары білікті оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің жетекшілігімен студенттерді ғылымға кәсіби бағыттау, ғылыми қызметтің нақты саласына дайындау, ғылыми жетекшіні таңдау.

Өз қалаулары бойынша барлық студенттер таңдаған бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналыса алады және ғылыми жобаларға қатыса алады.

8 СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

8.1 Студенттердің зерттеу жұмыстары тікелей кафедраларда, зертханаларда жүргізіледі.

8.2 Әрбір кафедра осы Ережеде тұжырымдалған студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының мақсаттары мен міндеттерін, студенттің жеке қалауы мен бейімін ескере отырып әрбір студенттің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу формасын анықтайды және нақтылайды.

Төменгі курс студенттері таңдаған бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары курсқа өткенде жалғастыруларына құқы бар.

8.3 Студенттердің ғылыми жұмыстарының жетекшілерін кафедра мәжілісінде анықтайды, факультет деканымен бекітеді.

8.4 Әр семестрде кафедраларда студенттердің ғылыми жұмыстарының нәтижелері туралы хабарламаларды тыңдайтын *жоспарлы ғылыми семинарлар* өткізілуі тиіс, мұндай семинарлар студенттерде ғылыми хабарламаларды дайындау, өздерінің зерттеу нәтижелерін қорғау және баяндау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

8.5 Студенттің орындаған зерттеу жұмысы туралы есеп ретінде келесілер ескеріледі:

- зерттеу бағыттары бойынша модель, макет, бағдарламалық өнім және т.б.;
- университет деңгейіндегі студенттік ғылыми конкурстарда, конференцияларда баяндама жасау;
- қалалық деңгейдегі студенттік ғылыми конкурстарда, конференцияларда, олимпиадаларда баяндама жасау;
- республикалық, халықаралық деңгейдегі конференцияларға ғылыми жұмысының нәтижелері бойынша баяндамамен, постерлік баяндамамен қатысу;

8.6 Кезекті студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсы.

8.6.1 СҒЗЖ республикалық конкурсы 3 кезең бойынша өтеді:

- 1) бірінші кезең – ЖОО ішілік (Университеттің ұйымдастырылуымен өткізіледі);
- 2) екінші кезең – базалық ЖОО-лар (ОӘК);
- 3) үшінші кезең – (қорытынды) республикалық.

8.7 Бірінші кезеңнің өткізілу мерзімі (ЖОО ішілік) ЖОО ректорының бұйрығымен қазан мен 1 қаңтар аралығында белгіленеді, екінші кезең (базалық ЖОО-ларда) қаңтар мен 1 сәуір аралығында өтеді, ал үшінші кезеңнің (республикалық) өткізілетін мерзімі – сәуір мен маусым айының аралығы.

8.8 Конкурса жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық ғылымдар бойынша өзекті проблемалар мен басым бағыттар бойынша студенттің өз бетінше орындаған ғылыми-зерттеу жұмыстары қатысады.

8.9 Конкурса СҒЗЖ конкурсын ұйымдастыру мен өткізу бойынша құрылған комиссия жетекшілік жасайды.

8.10 Ғылыми мақала, тезис (ғылыми басылымдарда жариялау), сондай-ақ Университет деңгейінде өткізілген студенттердің кезекті ғылыми-теориялық конференциясында жүлделі орындармен марапатталған студенттердің жұмыстарын Университеттің «Жас ғалым» журналына жариялау, басқа оқу орындарында ұйымдастырылатын конференцияларға қатыстыру.

| | | |
|---|----------------------------|---------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХКТУ-039-2014 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ережесі | | 8 беттің 6 –ші беті |

8.11 I, II, III кезеңдерде конкурстық комиссияға жұмыстарды ұсыну және оны қарау тәртібі

8.11.1 СҒЗЖ конкурсының I кезеңі (ЖОО ішкілік) қорытындысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітілген конкурстық комиссия конкурстық негізде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын іріктеп, үздік жұмыстарды II кезеңге қатыстыру үшін жолдайды.

8.11.2 Жұмысты екінші кезеңге қатыстыруға ұсыну барысында жоғары оқу орны базалық ЖОО-ға конкурстың бөлімдеріне сәйкес төмендегі құжаттарды ұсынады:

- 1) ғылыми жұмысты;
- 2) ғылыми жұмыс аннотациясын (№ 1 қосымша);
- 3) орындалған жұмыстың дербестік дәрежесі жайлы ғылыми жетекшінің пікірін (еркін формада);
- 4) автор (авторлар) және ғылыми жетекші жайлы мәліметтер (№ 2 қосымша);
- 5) бірінші кезең қорытындысы жайлы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе ЖОО Ғылыми кеңесінің жұмысты конкурсқа ұсынғаны жайлы протокол толтырылған шешімі (№ 3 қосымша).

8.11.3 СҒЗЖ конкурсына студенттердің ғылыми жұмыстарының біржарым интервалмен терілген бірінші данасы ұсынылады. Жұмыс көлемі 20-40 беттен аспауы тиіс. Жұмысқа қойылған шекті ұлғайтылу жағына қарай конкурс бөліміне сәйкес базалық ЖОО өзгертуі мүмкін. Макеттер мен натуральды экспонаттар конкурсқа жіберілмейді. Жұмысқа қосымша сызбалар мен иллюстрациялар стандартты көлемде парақтарда жинақы сызылуы қажет. Ғылыми жұмысқа оның енгізген жаңалығы жайлы акт (актілер көшірмесі), патенттер және ғылыми мақалалар көшірмесі қосымша ретінде ұсынылуы мүмкін. Сонымен қатар конкурсқа ғылыми жаңалығы бар немесе қорытындысы өндіріс пен оқу үдерісіне енгізуге қарастырылған диплом, курстық жұмыстар мен жобалар ұсынылуы мүмкін.

8.11.4 Арнайы жабық пакетте автор (авторлар) мен ғылыми жетекші (жетекшілер) жайлы мәліметтер, сонымен қатар ашық конкурстың бірінші туры жайлы ректор (проректор) қол қойған хат немесе ЖОО Ғылыми кеңесінің жұмысты СҒЗЖ конкурсына ұсыну туралы шешімі ұсынылады. Егер, жұмысты авторлық ұжым орындаса, авторлар тізімі оның әрқайсысының жеке үлесіне сәйкес беріледі.

8.11.5 Жұмысты ұсыну барысында осы Нұсқама талаптары бұзылған жағдайда базалық ЖОО комиссиясы жұмысты конкурсқа қатыстырмауға құқылы (міндетті түрде себебі көрсетілуі керек).

8.11.6 Базалық ЖОО-ның конкурстық комиссиясы ОӘК комиссия құрамының 2/3 қатысқан отырыста ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Дауыс тең жағдайда төраға дауыс шешуші саналады.

8.11.7 Базалық ЖОО ОӘК-і министрліктің республикалық комиссиясына студенттердің үздік ғылыми жұмыстарын III кезеңге қатыстыру үшін, 2 сәуірге дейін конкурс бөлімінің талаптарына сәйкес, барлық мүшелерінің қолы қойылған ОӘК отырысының протоколымен (№ 4 қосымша) ұсынады.

8.11.8 Базалық ЖОО ОӘК конкурстық комиссиясы протоколмен қатар министрліктің республикалық комиссиясына:

- 1) конкурс қорытындысы бойынша мәліметтер базасы жинақталған дискет;
- 2) базалық ЖОО студенттерінің жұмысына сырт мекемелер берген рецензия;
- 3) ғылыми бөлімдегі конкурстық жұмыстың мазмұны мен тематикасы жайлы қысқа сараптамалық материал.

8.11.9 Базалық ЖОО ОӘК-і СҒЗЖ әр бөлімі бойынша мынадай ретте жүлдегелерді марапаттауға ұсыну құқығына ие:

1 орын үшін – ҚР Білім және ғылым министрлігінің I дәрежелі дипломы (1 жұмыстан артық емес);

2 орын үшін – ҚР Білім және ғылым министрлігінің II дәрежелі дипломы (2 жұмыстан артық емес);

| | | |
|---|----------------------------|---------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-039-2014 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ережесі | | 8 беттің 7 –ші беті |

3 орын үшін – ҚР Білім және ғылым министрлігінің III дәрежелі дипломы (3 жұмыстан артық емес).

8.11.10 Республикалық комиссияның протоколды шешімінің негізінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары республикалық конкурсының қорытындысы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

8.11.11 Студенттердің конкурса ұсынылған ғылыми жұмыстары кері қайтарылмайды.

8.12 Республикалық СҒЗЖ конкурсының жеңімпаздарын марапаттау тәртібі

8.12.1 1,2,3 орын иеленген республикалық конкурс жеңімпаздары үздік ғылыми-зерттеу жұмысы үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі бұйрығы негізінде министрліктің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

8.12.2 Жоғары оқу орны басшылығы ЖОО-ның өз есебінен студенттерді – конкурстың бірінші, екінші, үшінші кезеңдері лауреаттарын марапаттау шаралары қолға алынуы мүмкін.

Ақшалай сыйақы көлемі берілу жылына, қаржылай мүмкіндікке қарай беріледі. Бірақ шәкіртақы көлемінен кем болмайды. Ақшалай сыйақы ұжымдық жұмыстың бірлескен авторларына тең көлемде бөлінеді.

8.12.3 Кем дегенде марапатқа ие болған үш ғылыми жұмысқа жетекшілік жасаған ғылыми жетекші ҚР Білім және ғылым министрлігінің дипломдарымен марапатталады

9 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

9.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б).

10 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Басқару Кеңесінің 2014 жылы 24 қаңтарында бекітіліп іске қосылды (№7 хаттама 28 қаңтар 2014 ж).

10.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасы Сапа менеджментінде сақталады.

10.3 Тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылым және инновация департаментіне жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі. Сонымен қатар, міндетті түрде деканаттар мен кафедраларға жіберіледі.

КЕЛІСІЛДІ:

I вице-президент



Муса Йылдыз

Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент




Б.Б.Ахметов

Даму және инвестиция жөніндегі вице-президент



Невзат Шимшек

Аккредитация, рейтинг және сапа департаментінің директоры



Е.Ш.Шахабаев

Құқықтық және экономикалық департаментінің директоры



А.А.Абсеметов

Әкімшілік басқару департаментінің директоры



Ғ.Б.Ерназаров